

2009 жылы шақыру учаскесіне 1992 жылы туған еркек жынысты азаматтардың тіркелуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әкімінің 2009 жылғы 21 қаңтардағы № 1 шешімі.
Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 ақпанда № 9-6-88 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағы, 13) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 08 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына сәйкес
ШЕШТІМ:

1. Аудан аумағында 2009 жылдың қаңтар-наурызында "Аманкелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне 1992 жылы туған еркек жынысты азаматтардың тіркелуі ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Аманкелді аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бас дәрігеріне (келісім бойынша) "Аманкелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Село, ауыл және ауылдық округ әкімдері азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуге келуін қамтамасыз етсін.

4. "Аманкелді аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) 1992 жылы туған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуден өткізу жөніндегі медициналық комиссия қызметін қаржыландыруды қамтамасыз етсін, сол сияқты аудандық бюджет есебінен белгіленіп бөлінген қаржы көлемінде емдеу-сауықтыру мекемелерінде медициналық тексеру шараларын қаржыландыруды шешуді жүзеге асырсын.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 19 қаңтарында туындаған іс-әрекетке таралады.

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Хайруллинге жүктелсін.

А м а н к е л д і

ауданының әкімі

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК